

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Фредерик Г. Лө Пле (1806–1882)

4-тарау. Қазіргі философия



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 16. Фредерик Г. Ле Пле (1806–1882)

Әлеуметтік әдіс (1879)

Фредерик Ле Пле XIX ғасыр философтарының арасында аса маңызды орын алады. Ойшыл шығармашылығы өз заманының бүкіл әлеуметтік ой-толғаныстарынан биік тұр.

Инженерлік білім алған Ле Пле – үш революцияның куәгері. Еуропа елдеріндегі жұмысшы және шаруа халықтың өмір салтын мұқият бақылаған Ле Пле әлеуметтік өмір мәселелеріне бет бұрады. Ле Пле – шын мәнінде ұлы жиһангез. Германияны аралап, цехтардың зауыттарға айналып жатқанын өз көзімен көреді. Ресейде болып, 50 000 жұмысшысы бар кәсіпорынды қайта құрумен айналысады. Испания, Норвегия... және басқа да Еуропа елдерінде болады. Сонымен бірге кеніштерді пайдалану мәселелерін де, жұмысшылардың өмір салтын да зерттейді. Тау-кен ісіндегі жұмыстың айрықша тәсілдерін ойлап тапқан, аналитикалық бухгалтерлік есепті жасаған Ле Пле біртіндеп экономист, әлеуметтанушы және философ бола бастайды. Ол отбасы мәселелерін негізге алатын әлеуметтік философияны қалыптастырды.

Әлеуметтік ғылым бойынша «Еуропа жұмысшылары» атты ең бірінші еңбегін Ле Пле жиырма жыл бойы жазды, әрқайсысы 600 беттік 6 том кітап. Кітап 1855 жылы жарық көріп, 1877–1879 жылдары қайта басылады. Содан соң

- «Бақылау әдісі бойынша нұсқаулар» (1862),
- «Франциядағы әлеуметтік реформалар» (1864, 1901 жылы 8-ші басылымы),
- «Еңбекті ұйымдастыру» (1870),
- «Отбасын ұйымдастыру» (1871),
- «Англия конституциясы» (екі том, 1875),
- «Адамзаттың негізгі конституциясы» (1881).

«Әлеуметтік әлемнің мектебі, тарихы, әдісі және доктринасы» (1881) еңбектерін жариялайды.

Ле Пле француз қоғамын реформалауды жүзеге асыруға ниеттеніп, III Наполеонның кеңесшісі, содан соң 1856 жылы негізін өзі қалаған Әлеуметтік экономия қоғамы қоғамдық қозғалысының дем берушісі ретінде де, оны өмірге енгізу үшін де күресті. 1882 жылы дүниеден өткенге дейін өзі қамқорлыққа алған Әлеуметтік әлем мектебінде осы қызметін жалғастырды. Францияда 1910 жылдан бастап оның еңбектері туралы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әлеуметтанушы Дюркгеймнің мектебі қасақана айтпай келді. Дюркгейм әлеуметтік ғылымның негізін қалаған Ле Пленің, сондай-ақ оның мектебінің жұмыстарын әлеуметтанудағы басты бәсекелесі деп білді. Ол өзін мұндай мектептің бірден-бір негізін салушымын деп есептеді. Алайда осы екі ағым мүлдем бәсекелес емес еді. Ле Пленің бағыты толығымен бақылауға негізделсе, Дюркгеймнің мектебі мәліметтерді түсіндіруге және теория әзірлеуге көңіл бөлді. Ле Пленің ықпалы айтарлықтай болды. Бақылау, монографиялық әдіс, сапалық зерттеулерден бастау алатын барлық гуманитарлық ғылымдар Ле Пле мектебіне сүйенеді. Оған деген қызығушылық осы күндері Францияда ғана емес, сонымен қатар Германияда, Англияда, АҚШ-та, Италияда, Жапонияда артып келеді.

«Әлеуметтік әдіс» (650 бет) алғаш рет 1879 жылы басып шығарылды

Бұл кітап жұмысшы отбасыларын зерттеудің автор ұсынған әдісінің түйіндемесі болды, сонымен бірге әлеуметтану қорытындыларының тұжырымдарын да қамтыды. Өте көлемді шығарма монографиялық әдісті оны жасау барысында шешуші рөл атқарған жеке және тарихи мән-жайлар арқылы баяндалған ойлармен бірге түсіндіреді. Ле Пле 15 жыл бұрын «Франциядағы әлеуметтік реформалар» кітабында қажеттілігін тұжырымдаған өзін-өзі талдау әдісіне жүгінеді:

«Осы әдісімді қолданған жағдайларды және өзім жүгінген негізгі құралдардың жай-жапсарын сипаттаудан жалтаруға менің ар-ұятым жібермейді. Бақылаудың құндылығы бақылаушының тәжірибесіне тығыз байланысты. Кейбір авторларды әсіресе өз шығармаларын жазуда пайдаланатын деректері тым жұтаң болғандықтан, ойша пайымдау әдісі негізінде тұжырым жасағандарды ақтап алуға болады. Әйтсе де деректерді зерттеу жолымен мәлімет



алу, басқалар үшін міндетті болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік ғылымға шын берілген жандар келешекте пайдаланған құралын сипаттамайынша, өзінің ашқан жаңалығын баяндауын толық деп есептемейтін ғалым-химиктер сияқты ережелерді берік ұстануы тиіс».

«Әлеуметтік әдіс» – Ле Пле негізін қалаған білім саласы – «Әлеуметтік ғылымның» есігін ашатын кілт.

Түйін

Ле Пле саяхаттау өнерінің білім берудегі, оқыту мен тәрбиелеудегі маңызы жайында ой бағамдайды: «Қоғам жөніндегі ғылым үшін саяхат – минералдар туралы ғылымдағы химиялық талдаумен тең». Саяхаттау арқылы адам даналыққа кенеледі. Ле Пле саяхаттаудың арқасында көрген-түйгендері туралы және «Саяхат мектебін» не үшін құрғанын баяндайды. Ол «Еуропалық жұмысшылардың» екінші басылымының бірінші томының негізгі бөлімінде 1877 жылы жарық көрген кітабын қайта бастыруының себебін түсіндіреді. Ле Пле өзінің негізгі еңбегінің 2–6 томдарында берілген 57 отбасы монографиясынан мағынасы жағынан ерекшеленетін дәл осы томымен дүйім жұрттың танысқанын қалайды. Еңбектің алғы сөзінде Ле Пле былай деп жазады: «Адамдарға бейбітшілікке негізделген бақыт сыйлайтын өкіметтің табысының құпиясын табу үшін мен адамзат қоғамын бақылауда минералдар мен өсімдіктерді зерттеуге ұқсас заңдарды қолдандым. Мен ғылыми механизмді жасадым. Басқаша айтқанда, менің Еуропаның қазіргі заманғы қоғамын көрсететін бейбітшілік пен алауыздықтың, өркендеуі мен тау қызметінің барлық ұңғыл-шұңғылын танып-білуіме мүмкіндік берген әдісті жасап шығардым».

Сонымен кітаптың мақсаты – әдісті сипаттау және негіздеу. Әр жеке адам «күнделікті керек нәрселерге» ие және «адамшылық заңын» ұстанған қоғам – бақытты қоғам. Төрт түрлі қоғамды салыстыра талдай отырып, Ле Пле нәсілдің адамзаттың негізгі екі құндылығына қалайша ие болатынын, сақтайтынын, жоғалтып алуын, содан кейін қайта иеленетінін ашып көрсетеді.

Шығарма үш кітаптан тұрады:

- 1829 жылдан 1879 жылға дейін бақыланған фактілердегі әдістің «тамырлары»;
- әдісті «сипаттау»;
- әдістің «тарихы» және оны қолданудың нәтижелері.

I. 1829 жылдан 1879 жылға дейін бақыланған фактілердегі әдістің «тамырлары»

Ле Пле өзі өмір сүріп жатқан дәуірдің ұлттарға да, жеке адамның басына да орасан зор қайғы-қасірет әкелетін революциялармен сипатталатынын дәлелдейді. Әлеуметтік ғылымның көмегі болмаса, оларды қалай еңсерген абзал? Тек бақылау арқылы ғана отбасы мен қоғамның өркен жаю тетіктерін түсінуге болады. Ол өзінің балалық шағын, білім алған және әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысты жеке, тәжірибелік ұстанымдарының қалыптасу кезеңдерін егжей-тегжейлі суреттейді. Сонан соң ол қоғам мен жер сипатын зерттейді. Егер жабайы нәсілдерді алатын болсақ, олар мекендейтін жерлердің үш түрін ажыратуға болады: жазық дала мен жайылым, теңіз жағалауы, жағалаумен шектеспейтін орманды алқаптар. Ле Пле Еуропа ұзақ уақыт бойы табиғат шеңберлеріне тәуелділікте өркен жайған белгілі бір экологиялық тепе-теңдікте өмір сүргенін айтады. Әр шеңберге отбасының тұрмысын қамтамасыз еткен ғасырлық әдет-ғұрыптар сәйкес келді. Әйтсе де XIX ғасырда Еуропа тұтас географиялық және экономикалық өзгерістер алаңына айналды.

«Бүгін Еуропада дәстүр рухы мен жаңашылдық рухы арасында кескілескен күрес жүріп жатыр. Орталығы Еуропаның көмір бассейндерінде орналасқан оның тегеурініне шыдау мүмкін еместей көрінеді», – дейді Ф. Ле Пле.

Ол өнеркәсіптік дамуды сипаттап, соның салдарынан бұрын болған тепе-теңдіктің бүлініп жатқанын ұмытып, оны қоғамдық мүддеге сәйкес деушілердің бар екенін көрсетеді. Шынында: «Біз кез келген әлемнің бастауы болатын, яғни тіпті ең кедей отырықшы отбасы,



ең аз дегенде, өз қонысының мәңгілік жеке меншігі бола алатынына сенетін территориялық ұйымнан барған сайын алыстап бара жатырмыз». Содан кейін Лө Пле жануарлар мен адам өмірінің қарама-қайшы құбылыстарын салыстырады. Өркендеудің көрінісін төмендегідей сипаттайды: «Қаруға жүгінбей-ақ мамыражай тыныштық орнаған қоғам; отбасы ошақ қасының, жұмысшы шеберханалар мен тату-тәтті көршілік береке-бірліктің беріктігі шаңырақ иелерінің арасындағы еркін келісіммен тиянақталған, ақыр аяғында адами заңға негізделген дәстүрлі жөн-жосықтың сақталуы – жер бетіндегі дүйім жұрттың ортақ тілегі болмақ».

Адамның жануарлардан айырмашылығы – бәрінің мүдделерінің дамуынан өз бақытын өздігінен табуға бейілсіздігінде. Ф. Лө Пле «Өз еркіне қоя берілген индивидуум өзі мүшесі саналатын қоғамның игілігіне үлес қосуға қабілетсіз болып шығады. Ал осы үлесті топта өмір сүретін жануарлардың әрқайсысы өз үйіріне тосыннан енгізеді».

Жекелеген тұлғалардың ерік күшінің ықпалынан теперіш көріп жатқан халықтар, әдетте, топтасып өмір сүретін жануарлар да сезінбейтін қайғы-қасірет күйін кешуде. Сондықтан қарқынды дамуға жету үшін жеке билікке қарсы тұру қажет. Дәуірдің идеологиялық контексті индивидуализмге бойсұнуға, ал жаңа идеялар тұрақсыздық пен алауыздыққа итермелеп жатыр. Мұндай күйзелісті еңсеру үшін өркендеген қоғамдарды бақылап, солардың озық әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінен үлгі алу қажет. Лө Пле қоғамның күнкөріс құралдарын зерттейді. Бұл құралдар – жер-судың байлығы мен адамгершіліктен нәр алған адам еңбегі. Лө Пле өзі белгілеген тоғыз еңбек тәсіліндегі адами өмірдің үстемдігі мен күнделікті азықпен қамтамасыз етілуін зерттейді. Ол өз ойын растауға көптеген мысал келтіреді. Сонымен бірге алуан түрлі өмір салттарының әрқайсысына тән қиыншылықтарын көрсетеді. «Жабайылар» терімшілікпен, балық аулаумен, аңшылықпен күн көреді. Олар табиғи ырғақтарға ілесе кезбе, көшпенді өмір салтын ұстанады. Осы халықтардың көбісінде адами қасиеттердің мынадай кемшілігі байқалады: олар қарт кісілерге ел билеуді сеніп тапсырмайды.

«Бақташылар» – таза мал шаруашылығымен, не болмаса малдарын дәнді дақылдарды өсірушілермен айырбастау негізінде өмір сүретін көшпенділер.

«Жағалау балықшылары», кейбірі – нағыз теңізшілер. Олар берік ынтымақтастыққа мұқтаж болғандықтан да, адамгершілік заңдарын өте қатты құрметтейді.

«Орманшылар» және олардың қызметіне байланысты кәсіптер. Алғашында көшпенді өмір сүрген олар орманды дұрыс пайдалануына қарай біртіндеп отырықшылық өмір салтына көшеді. «Қауіпсіздік пен адамгершілік үлгісі жағынан алғанда орманшылар бақташылармен және көшпенділермен бірге алдыңғы қатарда тұрады».

«Кеншілер» мен «темір құюшылар». Лө Пле шахталардың алуан түрлерін және соған байланысты адамдардың өмір салттарын анықтайды. Осы топтың өркендеу ықтималдығы бар. Бірақ байлық кейде өзімен бірге әдепсіздік пен әлеуметтік алауыздыққа алып келеді.

«Диқандар». Әртүрлі меншік жүйесі өмір сүру салты түрлерінің де көп болуын негіздейді. Ынтымақтастық – өркендеуге, ал жеке меншікті табыстау – әсіресе шағын шаруалардағы отбасы беріктігінің үзілмеуіне алып келеді.

«Фабриканттар». Бұлар – қауіпті тұрғындар, өйткені байлыққа тез ие болады. Ал бұл дәстүрден алшақтауға және жемқорлықтың жайылуына әкеледі. Еңбек тәсілдері – үйдегі өндіріс, ұжымдық фабрика және т.б.

«Коммерсанттар». Қарапайым қоғамдарға мүлдем пайдасыз болғандардың қажеттілігі күрделі қоғамда көрінеді. Адамшылықтан безу – бұл топтың тұрақты бет-бейнесі.

«Еркін кәсіптер». Бұған қоғам бай-дәулетті болған кезде туындайтын адам қызметінің барлық түрлері кіреді.

«Байлықты, ғылымды, билікті шектен асыра пайдалану қоғамның өне-бойына дендеп кіргенде, еркін өнер жер-жаһанды топан су басқаны секілді нағыз әлеуметтік апатқа айналады». Лө Пле бұл санатқа дін қызметкерлерін, оқытушыларды, дәрігерлерді және әскерилерді жатқызады. Тұрпайы қоғамдарда қызметтің осы түрлерін отбасының өзі атқарады. Бірақ қоғамның күрделенуіне қарай өндірушілер қызметтің осы түрлерін басқаларға жүктейді. Содан кейін Лө Пле әлеуметтік құрылымды қарастыруға көшеді. Кез келген өркен жайған қоғамның базалық элементі отбасы екенін атап көрсетеді. Бақытты қамтамасыз ететін «базалық» әлеуметтік құрылым барлық қоғамда бар және «Он өсиеттен» де «Қасиетті қытай кітабынан» да табылатын белгілі бір қағидаларды құрметтеуге сүйенеді. Осы қағидалар Тәңірінің шексіз



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 16. Фредерик Г. Ле Пле (1806–1882)

рақметінен күдер үзбеуге, ата-анаға құрмет көрсетуге шақырады, кісі өлтіруге, ұрлыққа, зинақорлыққа, жалған куәлік беруге, жақыны мен көршісінің зайыбы мен дүние-мүлкіне сұқтануға тыйым салады.

Лө Пле Қайта Өрлеу дәуірінен бастап, тарихқа қысқаша саяхат жасап, бүлік идеясының күйреуін көрсетіп береді. Ол XVIII ғасырдағы философияны, әсіресе жаңсақ идеялары жаппай таралған Руссоны сынға алады. 1789 жыл «еркіндікке, Құдай алдындағы теңдікке, бүлік шығару құқығына жетесің» деген үш жалған догмамен адамдарды адастырды.

II. Әдіс сипаттамасы

Әдіс философиясы

Революциядан кейін Еуропаның жағдайы мүшкіл болды. Ендеше, әлеуметтік азап соқпағынан шығу үшін өркендеу мәселесін шешуді кейінге қалдыру керек. Индустрияландыру туғызған кедейшілікті жоюға қам жасамай, халықтың қазынасына жеке иелік етіп, оны мөлшерсіз пайдаланып отырған таптардың мойнында өтелмеген жауапкершілік бар. Демек, бай, дәулетті болу – ел алдында өтелетін борышың бар деген сөз. Әлеуметтік ғылымдарды университетте оқымайды. Дегенмен олар өркендеуді қамтамасыз ететін барлық экономикалық және әлеуметтік факторларды ескеруге ұмтылады. Өркендеген нәсілдерді бақылау әдісі арқылы зерттеу қажет. Осы әдісті қазіргі өмір түйткілдерінің контексіне қалай көшіруге болады?

Ол Батыстағы азаптың жаңа белгілерін сипаттап, жалған идеялар соншалықты күшті болып тұрған қоғамдағы әлеуметтік реформаларды зерделеудің неге қиын екенін түсіндіреді. Өкімет дәрменсіз. Сондықтан жекелеген адамдар тізгінді өз қолдарына алуы қажет. Өзгерісті, реформаны жүзеге асыруға дәл солар қабілетті. Олардың иелігінде жалғыз ғана құрал, яғни әдіс бар. Әлеуметтік ғылымдар туралы кітаптар мен журналдарды екі мың адам үнемі сатып алады. Бұл – қоғамның осы үдеріске заңды қатысуының дәлелі. Бұдан басқа мың жарым адам әлеуметтік әлем одақтарының жергілікті топтарына біріктірілген. Отбасы бақыты – дұрыс әлеуметтік құрылымның өлшемі. Содан соң Лө Пле монография әдісімен зерттеудің нәтижелерін келтіреді. Ол күрделі жағдайдағы нәсілдердің жұмысшы отбасыларының қалай өмір сүріп жатқанын көрсетеді.

Жұмысшылардың қоғамның өзге таптарымен қарым-қатынасын зерделейді. Теңдік пен теңсіздік мәселесі жөнінде ой толғайды.

Әділеттілік қайда? Ынсапсыздыққа тоқтау салу үшін не істеу керек? Осы сауалдарға жауап іздейді. Бұдан басқа еркіндікке деген ұмтылыс жайында да ой қозғайды. Кез келген қоғамның негізі саналатын заңды азаптың мәжбүрлеуіне қалайша шыдауға болады? Лө Пле осы мәселені басқаларға қарағанда Англияның дұрыс шешкенін көрсетеді. Заңды және жазалауға әкеп соғатын нәрселердің арасына шекара жүргізе келе, билікке бойсұну мен қарсыласу мәселесін қояды. Сонымен теңдік, еркіндік және бүлік шығару құқығына қатысты қателіктер ауқаттылардың пайдасына шешілуде, ал жұмысшыларға олар азаптың барша ауыртпалығын үйіп-төгуде деген қорытынды жасайды.

Монографиялық әдіс

Одан әрі Лө Пле жұмысшы отбасыларының монография әдісін баяндайды. Алдымен, ол «жұмысшы отбасын» зерттеуді ерекше пән ретінде таңдауының себептерін негіздейді. Қарапайым нәсілдердің шаруашылық өмір түрлерінің көптігін, содан соң күрделі нәсілдің жұмысшы отбасыларының әртүрлі белгілерін суреттейді. Бірнеше отбасын бақылау оған әлеуметтік құрылымның жақсы және жаман үлгілерін бағалауға мүмкіндік береді. Қоғам жеке адамдардан гөрі отбасыдан көбірек құралады. Бұл – монографияның жетекші идеясы. Дәйекті жалпылау арқылы отбасы өмірінің тарихи бастауын зерделеп, ауылдың, аймақтың, қоғамның қалай өмір сүретінін ашып көрсетеді.



Монографияларды қалай құрастыруға болады? «Бақылаушы баспананың барлық бұрыш-бұрышын аралап, жиһаздарды, тұрмыстық заттарды, төсек-орын, киім-кешекті түгендеуі, ғимаратты, қолдарында бар қаражаттың мөлшерін, үй жануарларын, әртүрлі жұмыстарға арналған құрал-жабдықтарды бағалауы, азық-түлік қорын бағалауы, жыл маусымына байланысты әртүрлі тағам түрлерінің құрамына кіретін азық-түлікті саралауы, отбасы мүшелерінің үй шаруашылығындағы және одан тысқары жұмыстарды орындауын егжей-тегжейлі зерттеп шығуы тиіс», – дейді Ф. Ле Пле.

Бақылаушы және бақыланушы Ле Пле бақылауға байланысты туындайтын мәселелерді талдайды. Ол бақылаушы мен бақыланатын отбасының қарым-қатынасын, мәселеге үңілу тереңдігін, өзі жауап алып отырған адамдардың тілінде сөйлеудің қажеттігін, зерттеудің мақсатын түсіндіруді, оның барысында келтірілген шығын үшін отбасыға ақы төлеу қажеттігін қаперге алады... Ле Пле ғылыми ұстанымды үнемі берік сақтаудың қажеттігін талап етеді. Осы үшін ол монографиялар ұсынған дәлдіктің кепілдігін қарастырады: кірістер мен шығыстардың сметасын зерделеу, оның руханиятпен, құндылықтармен байланысын үнемі есте ұстау...

Ле Пле монографиялардың бәріне ортақ үш бөліктен тұратын жоспардың қажеттігін түсіндіреді. Біріншісі, тақырыбы айтып тұрғандай, отбасының өмірлік ортасын және оның кәсіби ерекшеліктерін сипаттайды.

Ле Пле үй еңбегімен айналысатын жұмысшыларды, күндік жұмысшыларды, кесімді жұмысшыларды, жалға алушыларды, қолөнер кәсібін басқарушыларды, өз ықтиярынсыз жалданған жұмысшылар және өз еркімен тұрақты жалақыға немесе уақытша жалданған жұмысшыларды атап көрсетеді. Екінші бөлігі – отбасылық бюджет баяндалған монографияның өзі. Ле Пле кітаптың осы бөлігінің 13 параграф бойына жергілікті табиғатты және отбасының өмірлік ортасын сипаттаған алдын ала бақылау нәтижелерін берген. Үшінші бөлігі сыртқы дүниеге, яғни «Әлеуметтік құрылымның әртүрлі элементтеріне» арналған. Сонымен, ол жұмысшы отбасылардың ресурстарын толық қарастырады: жылжымайтын мүлік, дотациялар, арнайы жұмыстар, үй еңбегі. Осыларды егжей-тегжейлі талдау отбасы жағдайының тиянақты сипаттамасын жасауға мүмкіндік береді. Онда «Еуропа жұмысшыларының» басқа томдарындағы 57 отбасының сипаттамасынан алынған көптеген мысалдар қамтылған. XI тарау өте көлемді. Мұнда Ле Пле жұмысшылардың өмір сүру тәсілдерін шығыс баптары туралы ойлардың негізінде талдайды. Күнделікті тіршілік туралы осы толғаныстар – тіпті өте қарапайым әлеуметтік жағдайларда да өмірмен кейбір байланыстар басқаларға қарағанда өркендеуге неғұрлым қолайлы екенін суреттейді. Содан соң Ле Пле әлеуметтік ұйымдарды қарастыру үшін осындай отбасылық монографияның не бере алатыны жөніндегі толғанысқа қарай ойысады.

«Әлеуметтік ғылымның объектісі – жұмысшы отбасыларын зерттеуді ғана білдірмейді. Оның зерттеу саласы анағұрлым кең: басты мақсаты – бәріне бейбітшілік пен тұрақтылық беретін мораль мен институттарды білу» (Ф. Ле Пле).

Қоғам күрделі болған сайын, өмір сүру салттары да түрлене бермек. Қарапайым қоғамдарда бір отбасын зерттеу бүкіл әлеуметтік механизмді түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі Еуропа қоғамының күрделілігі, керісінше, тәсілдерді түрлендіруді талап етеді: «Мен құрлық қоғамдарын зерттей бастаған 1830 жылға дейін әдеттердің қарапайымдығы басым сипатта болып келетін... Рейннің ар жағына бір рет көз жүгірткеннің өзінде мен саксон жазығының әлеуметтік қарапайымдығы мен Нормандияның күрделілігінің арасындағы кереғарлыққа қайран қалдым. Одан кейінгі жылдары Испанияның оңтүстігін, Қара теңізі бен Каспий теңіз және Азия далаларын, Сібір тауларын, Скандинавия жағалауын түгел аралап шыққанда таңданысым үдей түсті. Содан бері темір жолдардың басып кіруі осы өлкелердің көп бөлігінің әлеуметтік құрылымын қиындата түсті». «Қарапайымнан күрделі нәсілдерге» көшу теңдік шарттарының бұзылуына әкеледі және тұрақты әлеуметтік иерархия қалыптастырады. Егер мұндай иерархияның төменгі сатысы бұрынғысынша қауіпсіздігімен, ал жоғарғы сатысы ізгілікпен сипатталса, онда әлеуметтік тепе-теңдікті табуға болар еді. Сонда «әлеуметтік билік» он өсиетпен өмір сүру және бәрін жұмыспен қамту секілді өз міндеттемелерінің биігінен табылар еді.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 16. Фредерик Г. Ле Пле (1806–1882)

III. Әдіс тарихы және оның нәтижелері

Шығарманың үшінші бөлімі әлеуметтік ғылым саласындағы Ле Пле мектебі қызметінің қалыптасуы мен нәтижелерін сипаттайды. Әдісті жасау қажеттілік болды. Сондықтан Ле Пле еңбектің 40-шы бетінде оның тарихын, өзінің саяхаттарын, осы әдісін жасау тәсілін сипаттайды. Осы тарихи баяндаудан бақылау әдісі уақыттың салыстырмалы ұзақ кезеңін қамтуы тиіс деген ой туады. 1855 жылға дейін жүргізілген бақылаулар зерттелген отбасыларға тағы кіріп-шыққан соң қайтадан өңделген. Сонысымен уақыт факторын да есепке алу мүмкін болды. Одан әрі әдіс мейлінше нақты терминологияны дайындау негізінде жетілдірілді.

Ақыр соңында, зерттеу үшін адамдарды жинап, оны бүкіл әлемде жүргізу арқылы тарау қажет болды. Кітаптың бұл бөлігінде әдісті оқыту қамтылған. Ол шығарманың қысқаша баянымен және қорытындымен аяқталған.

Түсіндірме

Ле Пле зерттеулерінің өзіндік ерекшелігі – әлеуметтік шындықты тікелей бақыламауында. Ол дәуірде ондай тәжірибе өте кең таралған болатын: Токвиль АҚШ-та 1831–1832 жылдары зерттеу жүргізіп, осының негізінде сол жақта екі шығармасын, енді бірін Англияда жариялады; Ле Пленің досы Мишель Шевалье АҚШ пен Мексикада зерттеулер жүргізіп, оның нәтижесі «Солтүстік Америка туралы хаттарға» және кейінірек Мексика туралы шығармасына ұласты; Виллерме Адамгершілік және саяси ғылымдар академиясының тапсырмасымен жұмысшы тапты бақылайды.

Ле Пле зерттеулерінің ерекшелігі оның қарекет ету тәсілінде, әсіресе бақылауды анықтайтын ғылыми ойында көрініс тапқан. Оның ғылыми жаңалық ретінде ашып, тиянақтауға ұзақ жылдарын жұмсаған тұжырымдамалары, әдіс-тәсілдері әлеуметтік ғылымның негізіне іргетас болып қаланды. Бұлар оның замандастарының ілімінде кездеспейді. Ле Пле өзінің зерттеушілік қызметін үлгі ретінде ұсынылатын ғылыми білім дәрежесіне дейін көтерді. Оның «монографияларды орындау» бойынша ой-пікірлері – ғылыми зерттеу үшін нағыз нұсқаулық. Ол бақылаушы – бақыланушы қатынасының нақты аспектілері жөнінде түсінік береді және оның осы салада озық тұрғанын айғақтайды. Әдіснамалық аналитикасы оның қоғамның қозғалысын, яғни өркендеуі мен құлдырауының алмасуын, бірінен екіншісіне көшуін түсінуге қатысты танымдық ұмтылыстарына сәйкес келеді. Жақында А. Савойя тапқан Ле Пленің 1846 жылы жазылған Еуропа ормандары жайлы кітабы оның әлеуметтік экономикаға қызығушылығын дәлелдейді. Ол адамзаттың экологиялық қазыналарына да, адамдардың көп бөлігінің әлеуметтік жағдайларына да залал келтірмейтін экономикалық прогресс жөнінде ой сабақтайды.

Оның таңдаған жолы басқа эквиваленті кездеспейтін, әлеуметтік философияны құруға алып келді. Ол өзінің философиясын реформа ұғымының төңірегінде құрды. Ал реформа едәуір толық антропологияға сүйенеді. XIX ғасырдың санаулы авторлары ғана дүниенің шындығын барынша тұтас бағамдай алды. Еуропа Ле Пле мектебі мүдделерінің тоғысқан орталығында орналасқан. Дегенмен ол көптеген елдерге зерттеуші жіберді. Өзі Еуропада елуге жуық монография құрастырса, шәкірттері – бүкіл әлем бойынша 150-ін жасап шықты. Ле Пле мектебінің шолулары бүгін де антропологиялық мәліметтердің бірегей базасы болып отыр. Осы энциклопедиялық еңбектен отбасы мен әлеуметтік өмірдің эксклюзивті тұжырымдамасы шығады. Ле Пле реформаны шындыққа айналдыру үшін саяси билікке тікелей ықпал ете алатынына сенді. Бұл көптеген философтарды өз қақпанына түсірген иллюзия еді. 1870 жылдан кейін ол осы иллюзиясына қайта оралып, түбегейлі реформаларды алға жылжыту ісінде тек өз күшіне сенді. Биліктің әлеуметтік органдарына сенім арту оның көптеген топтарда тұрақты ықпалының болуына септігін тигізді. Дюркгейм мектебінің өркендеген кезеңінде Ле Пле мұрасының салыстырмалы түрде алғанда ұмыт болуын оның өз мектебін университетке енгізуден бас тартуымен түсіндіруге болады. Өйткені, оның пікірінше, әлеуметтік ғылым тамыр жаюға тиісті сала – әлеуметтік тәжірибе. Бір ғажабы, қазіргі кезде Ле Пле мұрасын академиялық және университеттік институттар әлемге қайтадан таныстырып отыр.